

«Қажетті несие - ипотека»

Қарызды мақсатты пайдалану	Жеке тұлғалардың Бастапқы немесе Қайталама тұрғын үйді (пәтерді) өз меншігіне сатып алуы
Валюта	Теңге (KZT)
Бастапқы жарна	Кепілдік қамсыздандыру құнының 20%-нан кем емес
Қарыздың ең төмен сомасы	2 000 000 теңге (KZT)
Қарыздың ең жоғары сомасы	Кепілдік қамсыздандыру құнының 80%-ы, бірақ 20 000 000 теңгеден артық емес
Мерзімі (айлармен)	12 – 180
Сыйақы мөлшерлемесі	Жылдық номиналды сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері банктік қарыз шартын жасаған күнге келесі формула бойынша анықталады: «Базалық мөлшерлеме* + 175 базистік пункт»
Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі	ЖТСМ калькуляторының есептеулеріне сәйкес
Қарыз алуға өтінішті және құжаттарды қарастыру үшін алынатын комиссия (соның ішінде ҚҚС)	Жоқ
Қарызды ұйымдастыру үшін алынатын комиссия	Қарыз сомасының 2%-ы
Ұсынылған Қарыздың шарттарын өзгерту үшін алынатын комиссиялар: 1) өтеу кестесі; 2) Қарыздың валюталары; 3) сыйақы мөлшерлемелері; 4) өтеу әдісі	Қарыз сомасының (несиелік берешектің) 1%-ы
Келесі мәселелерді қарастыру үшін алынатын комиссиялар: 1) Қарыз алушының (Тең қарыз алушының), гаранттың (кепілгердің) бастамасымен Қарыз алушымен (Тең қарыз алушымен), гарантпен (кепілгермен) байланысты шарттарды өзгерту; 2) Қарыз бойынша Кепіл затына ауыртпалық салу шарттарын өзгерту, сондай-ақ Кепіл затын ауыстыру; 3) Кепіл берушіні ауыстыру; 4) Клиенттің өтініші бойынша Клиенттің Несие құжаттамасында қамтылған Кепіл затына құқық белгілейтін құжаттарды беру; 5) Клиенттің өтініші бойынша жеке тұлғаның тұрғылықты жері бойынша тіркеуге (тіркеуден шығаруға), кепілдік қамсыздандыру аумағында жүргізілген қайта жоспарлауды, құрылыстарды, жапсарлас құрылыстарды заңдастыруға келісетіні туралы анықтаманы беру; 6) Кепіл беруші	20 000 теңге, бірақ Қарыз сомасының (несиелік берешектің) 1%-нан артық емес

<p>ауыстырылған кезде пайдалануға берілген мүлікке меншік құқығын және (немесе) кепіл құқығын рәсімдеу бойынша қызметтерді көрсету; 7) жылжымайтын мүліктің мақсатты тағайындалуын өзгерту, жер телімдерін үлестерге бөлу бойынша қызметтерді көрсету, (соның ішінде ҚҚС)</p>	
<p>Қарыз алушының (Тең қарыз алушының) өтініші бойынша Қарыз бойынша несиелік берешек туралы анықтаманы беру үшін алынатын комиссия</p>	<p>2 000 теңге</p>
<p>Қарызды мерзімінен бұрын өтеу үшін алынатын комиссия</p>	<p>өзге банкте/қаржы ұйымында қайта қаржыландыру арқылы толық немесе ішінара мерзімнен бұрын өтеген жағдайда немесе бір жылға дейінгі мерзімге берілген Қарыз бойынша Қарызды алған күннен бастап алты айға дейін және бір жылдан астам мерзімге берілген Қарыз бойынша Қарызды алған күннен бастап бір жылға дейін БҚШ тарабы болып табылмайтын үшінші тұлға Қарызды өтеген жағдайда қарызды мерзімнен бұрын толық/ішінара өтеу сомасының 2%-ын құрайтын комиссия алынады. Қарыз алушы немесе БҚШ тарабы болып табылатын үшінші тұлға Қарызды өз бетімен мерзімнен бұрын толық немесе ішінара өтеген жағдайда – комиссия алынбайды.</p>
<p>Сақтандыру</p>	<p>Қамсыздандыру шарты бойынша кепілдік қамсыздандыру болып табылатын, сондай-ақ келесі сақтандыру оқиғаларының нәтижесінде (өрт, түтіндену; тұрмыстық мақсаттарда қолданылатын газдың жарылуы; су құбыры, кәріз және жылыту жүйелерімен су басуы, сонымен қатар судың көршілес үй-жайлардан енуі; үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы іс-әрекеттер» (вандализм, бұзақылық, ұрлық, тонау немесе қарақшылық); дүлей апаттар (жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, сел, көшкін, таудың опырылуы, боран, құйын, бұршақ немесе нөсер); сақтандырылған мүлікке басқарылатын ұшу аппараттарының немесе олардың сынықтарының немесе олардағы заттардың құлауы; сақтандырылған мүлікке көлік құралдарының басып кетуі) одан айырылу, оның опат болу немесе бүліну тәуекелі болып табылатын жылжымайтын мүлікті иеленумен, пайдаланумен және оған иелік етумен байланысты Сақтанушының (Қарыз алушының/Тең қарыз алушының/Кепіл берушінің) мүліктік мүдделерін сақтандыру.</p> <p>Сақтандыру сыйлықақысының сомасы Қарыз бойынша берешектің қалдығынан есептеледі. Сақтандыру мерзімі – несиелендіру мерзіміне.</p> <p>Сақтандыру Қарыз алушының/Тең қарыз алушының/Кепіл берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.</p>
<p>Кепіл затына қойылатын талаптар</p>	<p>«Bank RBK» АҚ Кепіл Саясатына сәйкес келетін Бастапқы/Қайталама тұрғын үй» (пәтер)</p>

Сатып алынатын тұрғын үйдің максималды құны	25 000 000 теңге – Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтау, Атырау қалалары үшін. 15 000 000 теңге – басқа өңірлер үшін
Төлем төлеу қабілеттілігі	Табысты толығымен растау
Қарыз алушыға қойылатын талаптар	Қазақстан Республикасының азаматтығы. Жасы - 21 жастан бастап.
	«7-20-25» бағдарламасы бойынша тұрғын үй ипотекалық қарыздар бойынша және өзге тұрғын үй ипотекалық қарыздар бойынша өтелмеген берешектің жоқ болуы
Тең қарыз алушыға қойылатын талаптар	Қазақстан Республикасының азаматтығы. Жасы - 21 жастан бастап.
	Тең қарыз алушы ретінде кез келген жеке тұлға әрекет ете алады.
	«7-20-25» бағдарламасы бойынша тұрғын үй ипотекалық қарыздар бойынша және өзге тұрғын үй ипотекалық қарыздар бойынша өтелмеген берешектің жоқ болуына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығындағы тұрғын үйдің жоқ болуына қатысты талаптар Тең қарыз алушыға қатысты қолданылмайды.
Өнім бойынша ерекше шарттар	Кепілдік қамсыздандыру құны ең кем шама бойынша белгіленеді: 1) тәуелсіз бағалаушы белгілеген құн; 2) Банк белгілеген құн; 3) тұрғын үйді сатып алу бойынша мәміленің бағасы.
	Тіркеу органында Кепіл затына ауыртпалық салу/алу Қарыз алушымен/Тең қарыз алушымен/Кепіл берушімен өз есебінен жүргізіледі.
	Клиент үшін бастапқы жарнаның мөлшері оны белгілеген тарапқа (тәуелсіз бағалаушы, КҚЗ немесе Сатушы) қарамастан, сатып алынатын бастапқы/қайталама тұрғын үйдің ең аз құнына сүйене отырып белгіленеді.

Қажетті құжаттардың тізімі:**

1. Қарыз алушының/Тең қарыз алушының/кепіл берушінің/гаранттың, қарыз алушының/Тең қарыз алушының/кепіл берушінің/гаранттың жұбайы/зайыбының жеке басын куәландыратын құжат (міндетті түрде жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) бар түпнұсқасы).
2. Қарыз алушының/Тең қарыз алушының/кепіл берушінің/гаранттың өтінім берген кезіндегі отбасылық жағдайын растайтын құжаттар (некені қию/ бұзу туралы куәліктің, неке келісімшартының және т.б. көшірмесі).
3. Қамсыздандыру затына құқық белгілейтін, техникалық және сәйкестендіру құжаттары (көшірмелері).
4. Қарыз алушының/Тең қарыз алушының/гаранттың Қарыз алушының/Тең қарыз алушының жүгінгеніне дейінгі соңғы 6 ай ішіндегі еңбекақысын және (немесе) өзге табыстарын көрсететін және растайтын құжаттар (түпнұсқасы).

* Базалық мөлшерлеме – ақша-несие саясатының негізгі құралы, ол ақша нарығындағы номиналды банкаралық пайыздық мөлшерлемелерді реттеуге мүмкіндік береді. Базалық мөлшерлеменің мөлшері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бекітіледі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми сайтында орналастырылады.

** Банктің талабы бойынша қарыз беру үшін өзге де құжаттар сұратылуы мүмкін. Құжаттардың барлық көшірмелері түпнұсқаларымен салыстырылуы және несие маманымен куәландырылуы тиіс.

"Bank RBK" АҚ Активтерін және пассивтерін басқару жөніндегі комитеттің шешімімен бекітілген Жеке



тұлғаларды кредиттеу шарттары (17.03.2020 жылғы №12 хаттама)